



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ  
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті



## **СУЛТАНҒАЗИН ОҚУЛАРЫ**

«ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУДЫҢ  
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ  
КОНФЕРЕНЦИЯ

## **МАТЕРИАЛДАРЫ**

## **СУЛТАНҒАЗИНСКИЕ ЧТЕНИЯ**

## **МАТЕРИАЛЫ**

МЕЖДУНАРОДНОЙ  
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ  
КОНФЕРЕНЦИИ  
«АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ  
РАЗВИТИЯ СОВРЕМЕННОГО  
ОБРАЗОВАНИЯ»



УДК 378 (094)  
ББК 74.58  
Қ 22

#### РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

**Куанышбаев Сеитбек Бекенович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі; / Председатель Правления – Ректор Костанайского регионального университета имени А.Байтұрсынова, доктор географических наук, член Академии Педагогических Наук Казахстана;

**Жарлыгасов Женис Бахытбекович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор / проректор по исследованиям, инновациям и цифровизации Костанайского регионального университета им. А.Байтұрсынова, кандидат сельскохозяйственных наук, ассоциированный профессор;

**Хуснутдинова Ляйля Гельсовна**, тарих ғылымдарының кандидаты, «Мәскеу политехникалық университеті» Федералды мемлекеттік автономды жоғары білім беру мекемесінің доценті, Ресей / кандидат исторических наук, доцент Федерального государственного автономного образовательного учреждения высшего образования «Московский политехнический университет», Россия;

**Сухов Михаил Васильевич**, техника ғылымдарының кандидаты, Оңтүстік- Орал мемлекеттік университетінің (ОМУ) доценті, Челябині, Ресей/кандидат технических наук, доцент Южно-Уральского государственного университета (ЮУрГУ), г. Челябинск, Россия;

**Радченко Татьяна Александровна**, жаратылыстану ғылымдарының магистрі, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің «Физика, математика және цифрлық технологиялар» кафедрасының меңгерушісі / магистр естественных наук, заведующая кафедрой «Физики, математики и цифровых технологий» Костанайского регионального университета им. А.Байтұрсынова;

**Алимбаев Алибек Алпысбаевич**, PhD докторы, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің «Физика, математика және цифрлық технологиялар» кафедрасының қауымдастырылған профессорының м.а. / доктор PhD, и.о.ассоциированного профессора кафедры «Физики, математики и цифровых технологий» Костанайского регионального университета им. А.Байтұрсынова;

**Телегина Оксана Станиславовна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің «Физика, математика және цифрлық технологиялар» кафедрасының аға оқытушысы / старший преподаватель кафедры «Физики, математики и цифровых технологий» Костанайского регионального университета им. А.Байтұрсынова;

**Шумейко Татьяна Степановна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің «Физика, математика және цифрлық технологиялар» кафедра профессорының м.а. / кандидат педагогических наук, и.о. профессора кафедры «Физики, математики и цифровых технологий» Костанайского регионального университета им. А.Байтұрсынова

Қ 22

«Қазіргі білім беруді дамытудың өзекті мәселелері»: «СҰЛТАНҒАЗИН ОҚУЛАРЫ-2023» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары, 2023 жылдың 15 наурызы. Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 427 б.

«Актуальные вопросы развития современного образования»: Материалы международной научно-практической конференции «СУЛТАНҒАЗИНСКИЕ ЧТЕНИЯ-2023», 15 марта 2023 года. Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 427 с.

ISBN 978-601-356-257-5

«Сұлтанғазин оқулары-2023» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының «Заманауи білім беруді дамытудың өзекті мәселелері» жинағында жаратылыстану-ғылыми білім берудің мәселелері мен болашағына арналған ғылыми мақалалар жинақталған, жалпы және кәсіптік білім берудің психологиялық-педагогикалық аспектілері қарастырылған, педагогикалық білім берудің ақпараттандыру және дамытудың қазіргі тенденциялары мен технологиялары мәселелері қозғалады.

Осы жинақтың материалдары ғалымдар мен жоғары оқу орындарының оқытушыларына, магистранттар мен студенттерге пайдалы болуы мүмкін.

В сборнике Международной научно-практической конференции «Султангазинские чтения-2023» «Актуальные вопросы развития современного образования»: представлены научные статьи по проблемам и перспективам естественно-научного образования, рассматриваются психолого-педагогические аспекты общего и профессионального образования, затронуты вопросы информатизации и современных тенденций и технологий развития педагогического образования.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям высших учебных заведений, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-257-5



9|786013|562575|

УДК 378 (094)  
ББК 74.58

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023  
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

налаживать работу с различными людьми, адаптироваться к окружающим условиям. Кроме этого, данный метод удобен при изучении актуальных проблем языкознания, психологии и т.д.

При проектной деятельности высока роль учителя, который при умелом руководстве превращается из носителя информации в консультанта, наставника, коллегу по решению проблем. Результатом научного исследования является созидательная плодотворная работа с конкретным продуктом.



Рисунок 4 – Результаты проектной деятельности

#### Список литературы:

1. <https://psychosearch.ru/teoriya/vospitanie/478-istoriya-i-osobennosti-metoda-proektov-dzhondyui>
2. <https://melimde.com/uchebno-metodicheskoe-posobie-orenburg-2007-bbk.html?page=2>
3. <https://slovarozhegova.ru/word.php?wordid=24452>
4. Мауленов С. «Синие горы», Москва, изд. «Советский писатель», 1964, 121с.
5. Мауленов С. «Избранное», Москва, изд. «Художественная литература», 1979, 366с.
6. Мауленов С. «Исповедь домбры», Москва, изд. «Художественная литература», 1988, 334с.

ӘОЖ 372.4:159.922

### БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ СЫНИ ОЙЛАУ ДАҒДЫСЫН ДАМУЫ

Спаналиева Гулнур Турсимбетовна, аға оқытушы, М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ., Қазақстан, E-mail: spanalievagulnur@mail.ru

Абдукаримова Аружан «Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының 1-курс студенті, М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ., Қазақстан

#### Аңдатпа

**Өзектілігі және мақсаты.** Білім беру ісізәман талабына сай жаңа технологиялармен толығып, дамып, жетіліп отырады. Жаңартылған білім мазмұнының талабын қамтитын сол қатардағы педагогикалық тәсілдің бірі – сын тұрғысынан ойлау технологиясы. Зерттеу мақаламызда бастауыш сыныпта оқушыларды сыни ойлауға үйретудің маңызын анықтадық. Ой мен сыни ойлау терминдеріне анықтама беріп отандық, шетелдік ғалымдардың тұжырымдамасымен дәйектедік. Бастауыш сынып оқушыларының сыни ойлау дағдысын сабақ барысында практикалық тұрғыда дамыту тәсілдерін көрсеттік.

**Түйінді сөздер:** бастауыш сынып, сын тұрғысынан ойлау, дағды, жаңартылған білім мазмұны, педагогика, шығармашылық, стратегия, технология.

## Аннотация

**Актуальность и цель.** Образовательная деятельность пополняется новыми современными технологиями, развивается и совершенствуется. Одним из таких последовательных педагогических подходов, которые включают требование обновленного содержания образования, является технология критического мышления. В нашей исследовательской статье мы определили важность обучения учащихся критическому мышлению в начальной школе. Мы дали определение терминам мысли и критического мышления и обосновали концепцию отечественных и зарубежных ученых. Мы показали приемы практического развития навыков критического мышления у младших школьников в ходе урока.

**Ключевые слова:** начальный класс, критическое мышление, навыки, обновленное содержание образования, педагогика, творчество, стратегия, технологии.

## Abstract

**Relevance and Goal:** Education is being updated, developed and improved with new technologies in accordance with the requirements of the time. One of the pedagogical approaches in this line, which includes the requirement of updated educational content, is the technology of critical thinking. In our research article, we identified the importance of teaching students critical thinking in elementary school. Defining the terms of thought and critical thinking, we cited the concept of domestic and foreign scientists. We showed approaches to the practical development of critical thinking skills in primary school students during the lesson.

**Keywords:** Primary School, critical thinking, skills, updated educational content, pedagogy, creativity, strategy, technology.

Жаңартылған білім беру мазмұнына сай оқушының мектепте алған білімі ересек өмірде тұлға болып қалыптасуы үшін қызмет ету керек. Бұл ретте оқыту формасы жаңа технологиялармен толығып отыру шарт. Өткен ғасырдың басында Жүсіпбек Аймауытов «Психология» еңбегінде «Сабақ беру үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол жаңадан жаңаны табатын өнер», [1, 53 б.] деп қорытқан. Демек, сабақ ету формасы түрленген сайын, оқушының білім алуға ынтасы арта түседі. Баланың жаңа ақпаратқа ашық болуы, пәнді қызығушылықпен оқуы ұстаздың шеберлігіне, сабақты ұйымдастыру модуліне байланысты. Заманауи педагогиканың талаптарын жүзеге асыруда технологияның маңызы зор. Сол қатарда тиімділігі айқындалған технологияның бірі – сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы.

Адам өмірінде ойдың, ойлаудың маңызы айрықша. Бала көріп, сезіп, естіп, таныған дүниесін ой арқылы қорытады. Сол қорытылған түсінік миға жаңа білім болып орнығады. Ағартушы-педагог Мағжан Жұмабаев «Педагогика» атты оқу құралында бала 3 жастан бастап «Мынау не? Бұл неге жарайды?» деген сынды сауалдар қоя беретіндігін айтқан болатын. Міне осы сұрақтар балада ойлау сатысының басталғанын аңғартады дейді. Алайда бұл жас мөлшерінде баланың ойлануы терең емес. «Ойлай білетін адам – шын мағынасында адам», деп түйіп бала ойын өркендету үшін бастауыш сынып мұғалімі жауапты екенін алға тартады. «Ұста тәрбиеші баланың ойын жетектемесе, бала ұғымды, hükімді (шешімді) теріс жасауға, қате ой шығаруға үйреніп кетеді», [2, .131-132 б.б.] деу арқылы дұрыс ой-саналы азамат болып қалыптасудың алғышарты екенін ұқтырады.

Қазіргі ХХІ ғасырда да Алаш қайраткерінің аталған тұжырымдамасы өзектілігін жоғалтқан жоқ.. Үш жасынан өзін қоршаған ортаға қызығып, білуге құмартып тұрған баланың ойлау дағдысын бастауыш білім беру буыны ары қарай жетілдіреді. Осы тұста зерттеу тақырыбымыздың негізгі тірек ұғымдарының бірі бастауыш сынып тіркесіне ҚР Оқу-ағарту министрлігі Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы мамандары берген анықтаманы ұсынамыз:

«Бастауыш сынып – мектепке енді қадам басқан балаларға білім беретін алғашқы сатылы процесс. Бастауыш сыныптың білім көлемі 1-4 сынып аралығы болып белгіленген. Оқытудың бұл кезеңінде оқушылардың жас ерекшелігі 7 мен 11 жас аралығын қамтиды. Білім берудің аталған сатысында оқушылар негізгі сыныпқа көшудің дайындығын жүргізеді. Бір ескеретіні, қоғам қажеттілігіне қарай бастауыш тек әріп үйреніп, оқып, жазуды, санауды, қосу, алуды ғана емес өз бетінше іздену, жаңа білімді қорыту, сын тұрғысынан ойлау, шығармашылық қатынас құру сынды дағдыларды бойында көрсете білуі сұралады». Яғни оқушы бастауыш сыныптан-ақ сыни ойлау дағдысын меңгере бастайды.

Сонымен қатар, «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында» да 1-4 сынып оқушылары білім алу барысында мынадай ауқымды тұлғалық дағдыларды қалыптастырып, дамыту қажет делінген:

- Алған білімін функционалдық және шығармашылық бағытта қолдана алу;
- Сын тұрғысынан ойлау;
- Зерттеу жұмыстарын өз бетінше жүргізе білу;

- Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана білу;
- Коммуникацияның түрлі дағдыларын, оның ішінде тілдік дағдыларды меңгеру;
- Топпен және жеке жұмыс істеу дағдылары. [3, с.12]

Яғни, стандартқа сәйкес бастауыш сынып оқушылары білім алудың алғашқы сатысынан-ақ сыни ойлауға дағдылануы тиіс. Педагогика ғылымына сын тұрғысынан ойлау тұжырымын кеңес кезеңінің психологы Лев Выготский, швецариялық психолог Жан Вильям Фриц Пиаже, америкалық педагог Джон Дьюи сынды ғалымдар алғашқы болып өз еңбектерінде қолданып, анықтама ұсынды. Ал отандық оқыту процесіне сын тұрғысынан ойлау технологиясы инвестор-меценат Джордж Соростың қоры арқылы енді.

Сыни ойлау – ең алғашқы кезекте шығармашылық ойлау түсінігімен қабысады. Демек, оқушы сын тұрғысынан ойлана отыра «шығарады», «ізденеді», «жаңа нәрсе ойлап табады». Сын тұрғысынан ойлау арқылы оқыту бағдарламасы оқушыны ойын ашық әрі еркін жеткізуіне, өз пікірін дәлелдей алуға, пікір білдіруге, сыныптастарының ойын тыңдауға, оқу барысы мен өмірдегі мәселелерді ұтымды шешуге дағдыландырады. Аталған оқыту технологиясында оқушы - басты дамушы тұлға. Мұғалім – басты тұлғаға бағыт беруші қызметін атқаруы тиіс. Бұл дегеніміз педагог жаңа білімді беруде материалды толыққанды дайын күйінде ұсынбай, бағыт-бағдар беріп, оқушыны өз бетінше ізденуге үйретеді. Оқу мен жазуды сын тұрғысынан ойлау стратегиялары ұлы Конфуцидің «Маған айтып берсең – ұмытып қаламын, көрсетсең – есімде қалады, өзіме жасатсаң үйренемін» қағидатына саяды.

Бастауыш сыныпта оқушылар сауатын ашып, әріп танып, оқи алғаннан кейін біртіндеп басқа дағдылар мен білімді үйренуге көшеді. Оқушының ары қарай орта мектепте, негізгі, жоғары сыныпта оқуда жетістікке жетуі көбінесе бастауыш сыныпта қалыптасқан оқу сауаты мен сыни ойлау дағдысына байланысты. Психолог Алексей Леонтьев 6-7 жастан, яғни бастауыш сынып кезеңінен бастап оқушы ойын нақты, еркін жеткізіп, сыни ойлауы арқылы «оқуды үйреніп, тұлғалық болмысы қалыптасады», дейді. Сондықтан бастауыш сыныптан оқушыны сыни ойлауға үйретудің маңызы зор.

Сыни ойлау төрт бөліктен тұрады:

Біріншіден, сыни тұрғыдан ойлау өзіндік және жеке ойлау болып табылады. Егер ойлау өзіндік сипатқа ие болғанда ғана сыни тұрғыдан ойланғандық болады.

Екіншіден, ақпарат сыни тұрғыдан ойлаудың соңғы емес, бастапқы пункті болып табылады.

Үшіншіден, сыни тұрғыдан ойлау сұрақтар қойып, шешімін табуды қажет ететін мәселені анықтаудан басталады.

Төртіншіден, сыни тұрғыдан ойлау көңілге қонымды дәлелге ұмтылады.

Сыни ойлау не мағына береді? Ол ағылшын тілінің «Critical thinking» дегенінің тікелей аудармасы. Яғни бұл сынау деген сөз емес, одан да ауқымды терең, сыни ойлау оқушының қоршаған орта, ақпарат әлеміне, өзіне, өзінің іс - әрекетіне, өзінің дербес, интеллектуалдық оқытудан айырмашылығы – теориялық білімінің өте аздығы, оның есесіне өзіне тән сабақ құрылымы жасалған, әр кезеңге сай әдіс – тәсілдер, стратегиялар, яғни оқыту үшін мұғалімге нақты «инструменттер» берілген. Шығыс даналығы былай дейді: «Маған айтсаң ұмытып қаламын, көрсетсең есімде қалар. Істеуін көрсетіп берші, үйреніп аламын». Яғни бұл баланың ынтасын жетелеу арқылы оқыту, үйрету қажет деген сөз.

Оқытудың ең тиімді жолдары мен түрлері, тәсілдерін қарастыру, оны іске асыру бірден-бір өмір талабы болғандықтан жеке тұлғаны дамытуға бағытталған RWST бағдарламасын пайдалану мұғалімнің жұмысын жеңілдетері сөзсіз. RWST – ағылшын тілінен тура алмасқанда «сын тұрғысынан ойлау үшін оқу мен жазу» дегенді білдіреді.

RWST жоба үлгісінің алғашқы құрылымын үйретудің 3 фазалы құрылымы анықталды. Бұл үлгі Словенияда RWST жобасына негіз болған, мектепке өзгеріс енгізудің жүйелі бастамасы – Орава жобасы RWST бағдарламасына үлгі болды. Үлгінің 3 фазасы өздерінің қызметтеріне байланысты аталды: қызығушылықты ояту, мағынаны тану, ой-толғаныс.

Қызығушылықты ояту оқушылардың бұрынғы білімдері мен сезімдеріне немесе әсерлеріне еніп, жаңа білімге мазмұн қалап, болашақта зерттеу жүргізуге күш алуларына және орындалуы керек тапсырмалар жөніндегі жеке және топтық түсініктерді қалыптастыруларына көмектеседі. Осы алғашқы фазада оқушылар бірінші рет болашаққа көз жүгіртіп, ұғынып, жаңадан таныстырылған тақырыптарға зерттеу жүргізу үшін өз алдарына мақсат қояды. Қызығушылықты ояту – оқушылар үшін сабаққа қатысудағы алғашқы қадам болып табылады. Олар өз еркімен саналы түрде алға жылжитындықтарын немесе үйретілетін тақырыпқа енетіндіктеріне шешім қабылдайды. Сонымен қатар оқушылардың жаңа идея мен мәліметтерді үйренуге және оны өзіндегі білім негізімен ұштастыруда іштей немесе сырттай белсенді болатын болмайтындықтарын шешуі де алғашқы фазада іске асады.

Дәстүрлі оқытуда қызығушылықты ояту фазасы көбіне қалып кетіп жатады. Мұғалімдер оқушылар мектепке дайындалып келеді деп ойлаулары мүмкін. Кейде солай болады, бірақ көп жағдайларда ең алдымен не күтілетінін анықтап, оқушының қызығушылығын оятып алып, бұрынғы құрылым мен білімді санасына сіңіріп, тек сосын ғана ары қарай үйренетіндей орта құру керек. Тіпті, үйренуге дайындықпен келгендер үшін де қызығушылықты ояту фазасы ұзақ, әрі мағыналы оқудың

қажетті психологиялық негізін салады. Қызығушылықты ояту кезеңінің екінші мақсаты – үйренушінің белсенділігін арттыру. Өйткені үйрену – енжарлықтан гөрі белсенділікті талап ететін іс-әрекет екені даусыз. Оқушы өз білетінін еске түсіреді, қағазға жазады, көршісімен бөліседі, тобында талқылайды. Яғни, айту, бөлісу, ортаға салу арқылы оның ойы аршылады, тазарады. Осылайша, шыңдалған ойлауға бірте-бірте қадам жасала бастайды. Оқушы бұл кезеңде жаңа білім жайлы ақпарат жинап, оны байырғы білімімен ұштастырады.

Мағынаны тану оқушылар жаңа мәліметпен, идеямен немесе жаңа мазмұнмен кез келіп қалғанда іске асады. Дәрісті басқаратын талқылау, кітап оқу, бейнетаспа, өнер қойылымдары немесе басқа да нұсқау әдістерінің қай-қайсысы болмасын, осы 2 фаза оқушыларды ақпараттар мен мазмұнмен айналысып, жаңа идеяның бұрынғы білім мен сенімдермен байланысқандығы жөнінде хабардар болу. Тиімді түрде білім алу үшін оқушылардың сабаққа мақсаткерлікпен, ойлампаздықпен, өзінің түсінгенін бақылай, жаңа ақпараттарға дұрыс жауап қайтара отырып және ақпараттың жаңа мазмұнға қолданбалылығы мен қолайлылығын қарастыра отырып, белгісізден белгіліге қарай жүретін ақпарат пен идеяның маңыздылығы жөнінде шешім қабылдаулары керек. Мағынаны ажырату жаңа мазмұнды ашу жолы. Оқушы мәтінді оқу арқылы жаңа тақырыппен танысады, тақырып бойынша жұмыс істейді, тапсырмалар орындайды.

Ой толғаныс – үйрену процесінің соңғы фазасы болады да, бұл кезде оқушылар алған білімдерін сыртқа шығарып, түсінгендерін өз сөздерімен жеткізіп бере бастайды.

Оқушылардың алған білімдері ұзағынан, мазмұнды болып, шындыққа ұласуы үшін бұрынғы мәліметтермен жаңа мәліметті біріктіре алудағы уақытпен, құрылыммен қамтамасыз ету – осы фазаның мақсаты. Бұл фаза саналы талқылаулар мен білімді тәжірибеде қолдану, жаңа идеялар мен ұғымдарды жинақтаумен, мазмұн жөніндегі өздерінің ашық ұсыныстарымен немесе келесі бір зерттеуді бастауға шақырумен айқалалады. Бұл үйрену - жеке сипатқа ие болатын сәт.

Ой-толғаныс фазасында үйренуші жаңа білімді өз меншігіне алады. Ой толғау процесі арқылы оқушылар өздерінің ойын нақтылайды, қатарластары мен мұғаліммен кері байланыса отырып, мәліметтер жинағы мен құрылым мағынасын сынақтан өткізеді. Оқушылар осы процеске жетпейінше олардың үйренетіндері – бар болғаны біреудің идеясы немесе сенімі. Мәліметті басқаның идеялар патшалығынан бөліп алу арқылы ғана өзіндік етуге болады. Шын мәнінде, көптеген үйренушілер үшін жаңа мәлімет бұрынғы үйренгендеріне мүлде қарама-қайшы болуы мүмкін. Өзара жақсы идеялар үйренушіге ой толғаныссыз саналы түрде жете қоймайды. Дәл осы кезеңде үйренуші не үйренгенін саралап, салмақтап, оны қандай жағдайда, қалай қолдану керектігін ой елегінен өткізеді. Белсенді түрде өз білімін үйрену жолына қайта қарап, өзгерістер енгізеді, яғни нағыз білім шыңына көтеріледі, үлкен әлемге енеді. Сол білім арқылы өзінің өзгергенін сезеді, өзгеше сенім, тәрбиелік, даналыққа бастау алады. Осы үш сатымен құрылған сабақ жүйелі болары сөзсіз [3, с.64].

Сыни ойлау дағдысының оқушы мен оқытушы үшін маңызын Халықаралық PIRLS зерттеуі (Progress in International Reading Literacy Study) әлемдегі 4 – сынып оқушыларының оқу сауаттылығы мен мәтінді түсіну деңгейін дәл осы сын тұрғысынан ойлау технологиясы арқылы бағамдап мониторинг жүргізуінен де байқауға болады. PIRLS-тің бағалау критерийі оқушы оқыған мәтінін түсініп, оны талдау, баға беру арқылы жүзеге асады. Мұндай міндеттерді сын тұрғысынан ойлау технологиясы жүзеге асырады. 4-сыныпқа дейінгі балалардың оқу сауаттылығын анықтайтын халықаралық зерттеуге қатысуға Қазақстан 2012 жылы өтініш беріп, 2016 жылы 50 елдің ішінде 27 орынға тұрақтаған. [4, с.29] Зерттеу нәтижесінде елдегі 4 сыныпқа дейінгі оқушылар ақпараттық мәтінге қарағанда әдеби мәтіндерді ұғып, қорытып, сын тұрғысынан ойлауға шорқақтау екені анықталған. Нәтиже бастауыш сынып оқушыларының дайын материалды тез игергенімен, ойын еркін жеткізу, мәселені талдау, пікір білдіру секілді өмірлік азық болар дағдыларының ақсап тұрғанын көрсетеді. Осы тұста сыни ойлау дағдысын дамытудың маңызды рөлі айқындалады.

Сын тұрғысынан ойлау сабақтарында бастауыш сынып оқушылары мынадай білім, білік, дағды, құзырлық машықтарды игереді:

- Терең және жүйелі ойлану
- Ақпаратты өздігінен түсініп, таразылып, екшеп керектісін таңдап алу.
- Ақпаратты талдау және бағалау
- Өздігінен жаңа білім құрастыру
- Пікірталасқа қатысып, өз ойы мен пікірін дәлелдеу
- Шешім абылдау әне қиын мәселелерді шешу
- Өз біліміне, өміріне деген жауапкершілікті сезіну,
- Өзгелермен тиімді қарым-қатынас құру

Бұл дағдылар мен құзіреттіліктер болашақта білім алушыларды бүгінгі күні тіпті болжауға мүмкін емес проблемалардың шешімін табуға жетелейді.

### Әдебиеттер тізімі:

1. ҚР Білім және ғылым министрлігі Ү. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы 12 жылдық білім беру. Республикалық ғылыми-әдістемелік және ақпараттық-талдамалық журнал. Нұр-Сұлтан, №1 2022. – 85 бет
2. Жұмабаев М. Педагогика. Алматы, 2022. – 184 бет
3. ҚР Білім және ғылым министрлігі Ү. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Білім ғылыми-педагогикалық журнал. Нұр-Сұлтан, №2 (101) 2022. – 107 бет
4. Ұлт ұстазы ғылыми-педагогикалық журнал. Астана, №4 (04) 2018. – 72 бет

ӨОЖ 37.018

### ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫ–ЗАМАН ТАЛАБЫ

*Спаналиева Гулнур Турсимбетовна, аға оқытушы, М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ., Қазақстан, E-mail: spanalieva.gulnur@mail.ru*

*Зайпиля А.Б., «Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының 1-курс студенті, М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ., Қазақстан*

#### Аңдатпа

Өзектілігі және мақсаты Қазіргі таңда білім беру процесі түбегейлі қайта жасалып, білім беру саласына өзгерістер енгізілгені белгілі. Мақалада білім беру жүйесіндегі тенденциялар нақтыланды. Жаңартылған білім мазмұны бойынша оқу сапасын жақсарту мәселесі қарастырылған.

**Түйінді сөздер:** жаңартылған білім беру, құзыреттілік, интербелсенді оқу

#### Аннотация

Актуальность и цель В настоящее время известно, что учебный процесс полностью переделан и внесены изменения в сфере образования. В статье уточнены тенденции в системе образования. Рассмотрен вопрос повышения качества образования на основе обновленного содержания образования.

**Ключевые слова:** обновленное образование, компетентность, интерактивное обучение

#### Abstract

Relevance Goal At present, it is known that the educational process has been completely redone and changes have been made in the field of education. The article clarifies the trends in the education system. The issue of improving the quality of education based on the updated content of education is considered.

**Keywords:** updated education, competence, interactive learning

Қазіргі таңда бүкіл әлемде жүріп жатқан жаһандану мен жаңғырудың әсерінен бүкіл әлем түбегейлі өзгеріске ұшырауда. Ол әрине оқыту процесін айналып өтпейтіні анық. Сондықтан Қазақстан Республикасында білім беру процесі түбегейлі қайта жасалып, білім беру саласында өзгеріс енгізілді. Қазақстанды білімді, экономикасы дамыған, жоғары білікті күші бар мемлекет деп көргіміз келсе, онда білім жүйесін дамытуымыз қажет екендігі дау туғызбайды.

Білім беру жүйелерінің келешек ұрпаққа қандай білім беретіні туралы мәселе қайта қаралуда. Осы мәселе аясында «Келешек ұрпақ ХХІ ғасырда табысты болу үшін нені үйренуі керек?» және «Оқытудың тиімді әдістері қандай?» деген сияқты негізгі сауалдар оқытушылар мен мектеп мұғалімдерін толғандыруда.

Осы орайда «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты мемлекет басшысы Қ. Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында «Қазіргі жаһандық өзгерістер кезеңінде түлектің білімі еңбек нарығына шыққанға дейін-ақ жеткіліксіз болып қалуы әбден мүмкін. Сондықтан, құзырлы министрліктің алдында оқу бағдарламаларын жаңа жағдайға бейімдеу міндеті тұр» деп егемен елімізде табандылықпен жүзеге асырылып жатқан ілгерілеу саясаты қоғам өмірінің барлық саласында түбегейлі өзгерістер енгізіп отыру қажет екендігіне тоқталған болатын[1].

Осыған сәйкес дамыған елдердің білім беру жүйесінде төмендегідей тенденциялар байқалып отыр:

- білім беру философиясы мен әдіснамасының жаңаруы, білім беру мазмұнын құру әдістерінің өзгеруі, білім беру мазмұнындағы жетілдірілген модельдердің жасалуы, білім беруді басқарудың тиімді тәсілдерін іздестіру, жаңа білім технологияларының енгізілуі және т.б;

- оқытудың дәстүрлі өнімсіз стилін ығыстырып, оқушылардың танымдық белсенділігі мен өзіндік ойлауын қамтамасыз ететін жаңа дамытушы, сындарлы білім беру моделіне көшуі, терең және белсенді кәсіби бағдар берудің ерте жастан басталуы;